«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ
ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ
БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

071400, Абай облысы, Семей қаласы
Достоевский көшесі, 110 үй
e-mail:abai_madeniet_baskarmasy@mail.ru

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ,
РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ И АРХИВНОГО
ДЕЛА ОБЛАСТИ АБАЙ»

071400, область Абай, город Семей
улица Достоевского, дом 110
e-mail:abai_madeniet_baskarmasy@mail.ru

БҰЙРЫҚ
Абай облысы, Семей қаласы
16.08.2023, № 62 нқ

ПРИКАЗ
область Абай, город Семей

Мәдени іс-шара ұйымдастыру туралы

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес 5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күніне арналған тілдер фестивалін ұйымдастыруға байланысты, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 5 қыркүйек күні Семей қаласында Қазақстан халқы тілдері күніне арналған тілдер фестивалін ұйымдастыру, дайындау және өткізуге жауапты болып мәдениет, өнер, тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Толқын Берікбекқызы Берікбекова бекітілсін.

2. Фестивальдің шығындар есебін дайындау «Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директорының міндетін атқарушы Жибек Нурлановна Рыскалиеваға жүктелсін.

3. Байқауды ұйымдастыру бойынша «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды «Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директорының міндетін атқарушы Жибек Нурлановна Рыскалиеваға тапсырамын.

4. Жоспарлау, талдау, мониторинг және мемлекеттік шығармашылық тапсырыс бөлімінің басшысы Гулбану Айполатовна Базарова осы іс-шаралардың қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды басқарма басшысының орынбасары Назира Тасболатовна Идрисоваға тапсырамын.

Негіздеме: Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының 2023 жылғы іс-шаралар жоспарының 69-тармағы.

Басқарма басшысының м.а. **Е.Бексултанов**